

Республикадағы жыртқыштардың жекелеген түрлерінің санын реттеу жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 5 қыркүйек N 1230

Қасқырлар мен шиебөрілердің ауыл шаруашылығына тигізген экономикалық шығын ауқымының ұлғайғанын және олармен құресу жөнінде шаралар жүргізуін қажеттігін ескеріп Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Облыстар мен аудандардың әкімдері табиғат қорғау қорларының шығыстар сметасында қасқырлар мен шиебөрілерге қарсы қуресті ұйымдастыруға қаражат көздесін.
2. Облыстар мен аудандардың әкімдері, Қазақстан Республикасының Аңшылар мен балықшылар қоғамы, "Зергер" мемлекеттік акционерлік компаниясы:

екобиологиялық тепе-тендіктің сақталуын ескеріп, қасқырлар мен шиебөрілерді атуды қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қабылдасын;

аңшылар мен аңға шығушыларды материалдық ынталандыру мақсатында әрбір олжаланған жыртқыш үшін (терісінің құнынсыз) ересек қасқырға кемінде 2000 теңге, бөлтірігіне 800 теңге және шиебөріге 600 теңге мөлшерінде сыйақы көздесін.

3. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі қасқырлар мен шиебөрілерге аңшылық қесіпшіліктің шикізатын, халық тұтынатын тауарларды және басқа да аңшылық өнімдерді экспорттауға аңға шығарушыларға лицензия берілуін қамтамасыз етсін.

4. Облыстардың әкімдері, Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі, Қазақстан Республикасының Аңшылар және балықшылар қоғамы, "Зергер" мемлекеттік акционерлік компаниясы қасқырлар мен шиебөрілерге шетелдік аңшылықты

ұйымдастыруды жандандырысын.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау облыстардың әкімдері мен Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлеріне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК